

**Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігі
Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**

Әкімшілік құқық және ПО-ның әкімшілік қызметі кафедрасы

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ
ОРГАНДАРЫ» курсы бойынша
ДӘРІС**

ТАҚЫРЫБЫ: «Әділет органдарының құқық қорғау қызметі. Заң көмегін қамтамасыз етуші органдар. Қазақстан Республикасының адвокатурасы»

ӘҚ ж. ПО-ның ӘҚ кафедрасы
ПӘС мәжілісінде
тақыланып, мақұлданған.
2016ж. №_____ хаттама

ҚАРАҒАНДЫ

Дәрісті оқу мақсаты: «Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары» пәнінің мақсаты, оның басқа заң ғылымдары салаларымен қарым-қатынасын түсіндіру. Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының қызметін реттейтін негізгі құқықтық нормативтік актілерді қарастыру. Құқық қорғау органдары жүйесінің түсінігі мен құрылымына, құқық қорғау қызметінің түсінігі мен мазмұнына қысқаша тоқталу. Конституциялық бақылаудың, сот төрелігінің, прокурорлық қадағалаудың, қылмыстық қудалаудың, әділет пен адвокатура қызметтерінің өзара қарым-қатынасын ашып, түсіндіру. Құқық қорғау қызметінің негізгі бағыттарына, құқық қорғау органдарының жалпы сипаттамасына, олардың түрлері мен негізгі міндеттеріне тоқталу. Құқық қорғау қызметінің Конституциялық принциптеріне, мемлекеттің жоғары қазынасы ретіндегі адамдардың арнамысы, қадір-қасиеті, құқықтары мен бостандықтарының қорғалуына баса көңіл аудару. Құқық қорғау органдарының мемлекеттік билік пен басқарудың басқа органдарымен өзара қызметіне тоқталу.

Дидактикалық: ғылыми-теориялық тұрғыдан тыңдаушыларда құқыққорғау органдарының пәні мен әдістері, жүйесі туралы білімді қалыптастыру.

Әдістемелік: тақырыптың мән-мағынасын талдау арқылы ашу; оқу материалын жан-жақты меңгеруін жоғарлату мақсатында жалпыфилософиялық, жалпығылымдық, арнайы әдістерді методикалық қолдану.

Тәрбиелік: тыңдаушылардың кәсіби ойлау жүйесін және құқықтық мәдениетін қалыптастыру, оларды заңға сәйкес мінез-құлыққа дағдыландырып, заңдарды сақтау мен құрметтеуге тәрбиелеу.

Уақыттарды үйлестіру. Дәріс өткізудің әдісі мен тәртібі:

Ұйымдастырушылық кезең.

Тыңдаушылардың дәріске дайындығын тексеру – 5 мин.

Кіріспе бөлім – 10 мин.

Оқу сұрақтарын, дәрістің жоспарын, тақырыбын анықтау.

Негізгі бөлім – 65 мин. Дәріс материалдарын мазмұндау.

1-мәселе бойынша – 20 мин.

2-мәселе бойынша – 20 мин.

3-мәселе бойынша – 20 мин.

Қорытынды бөлім – 5 мин.

Бүкіл тақырыпты қорытындылай келе, тыңдаушыларға өзіндік дайындық пен келесі тақырыпқа дайындыққа тапсырмалар беру.

Материалдық техникалық қамтамасыз етілуі:

- 1) құқық қорғау органдары пәні бойынша сызба-кестелер;
- 2) оқу құралдары;
- 3) құқықтық-нормативтік кесімдер.

Ұсынылатын әдебиеттер:

Негізгі әдебиеттер:

1. Қазақстан Ресубликасының Конституциясы.- Алматы, 1999.
2. Қазақстан Ресубликасының қылмыстық іс жүргізу кодексі.-Алматы, 2001.
3. ҚР 1997 ж 5.12. «Адвокаттық қызмет туралы» Заңы.
4. **Тыныбеков С.Т** Қазақстан Ресубликасындағы адвокатура және адвокаттық қызметі: Оқулық. Алматы, «Данекер» 2003.
5. Правовая реформа в Казахстане.Рекомендации научно-практической конференции «10 лет независимости Республики Казахстан: достижения и проблемы адвокатуры». № 2 (10), 2001.
6. **Халиков К.** Қазақстан Ресубликасындағы куқық қорғау органдары. Оқу қурлы. –Алматы, «Санат», 1995.- 176 бет.
- 7.ҚР Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заң күші бар «Лицензиялау туралы» жарлығы.

Қосымша әдебиеттер:

1. Государственная программа правовой реформы в Республике Казахстан (основные направления) // Собрание актов Президента РК и Правительства РК. № 9, 1994.
2. **Сулейменова Г.Ж., Воронина Л.В.** Адвокатура и адвокатская деятельность в Республике Казахстан. Алматы 2002.
3. **Тыныбеков С.Т.** Адвокатура и адвокатская деятельность в Республике Казахстан. Алматы: Данекер 2001.
- 4 **Тыныбеков С.Т.** Организация и деятельность адвокатуры (вопросы и ответы). – Алматы: Данекер, 2000. 39с.
5. **Осетров Н.** Юридическая помощь адвокатов гражданам и организациям // Социалистическая законность. 1982, № 5.
6. Нормативное постановление Верховного суда Республики Казахстан от 6 декабря 2002 г. № 26 «О практике применения уголовно-процессуального законодательства, регулирующего право на защиту» // Казахстанская правда. – 2003. 9 января.
7. Постановление Правительства Республики Казахстан от 26 августа 1999 г. «О правилах оплаты юридической помощи, оказываемой адвокатами, и возмещения расходов, связанных с защитой и представительством, за счет средств республиканского бюджета»

Жоспар:

Кіріспе

1. Адвокатураның ұғымы, оның міндеттері.
 2. Адвокатура қызметінің құқықтық негіздері.
 3. Адвокатура қызметінің бағыттары
- Қорытынды

КІРІСПЕ

Адам мен азаматтың құқығына кепілдік беретін Негізгі заңның конституциялық ережелерінің арасында маңызды конституциялық принцип ретінде қолданылатын білікті заң көмегін алу құқығы ерекше орын алады. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Конституциясының 13- бабының 3-тармағында әрбір адамның білікті заң көмегін алуға құқының бар екендігі тікелей көрсетілген. Ал заңда көзделген жағдайда мұндай көмек тегін көрсетіледі.

Қазіргі уақытта Қазақстанда адам мен азаматтың құқығын қорғау жөніндегі міндеттерді атқаратын әртүрлі мемлекеттік және мемлекеттік емес органдар, мекемелер мен қоғамдық ұйымдардың бар екендігін атап өткен жөн. Мысалы, соттар, прокуратура, ішкі істер органдары жоғарыда аталған құқық қорғау міндеттерімен бір-бірімен тығыз байланыс жасай отырып атқарады. Алайда, осы міндеттерді табысты жүзеге асыру адвокатура сияқты қоғамдық-құқықты институтсыз мүмкін емес. Қазақстандық заңнамада адвокатура ешбір жерде құқық қорғау органы ретінде көрсетілмесе де, ол іс жүзінде құқық қорғау қызметі міндетін атқарады. Әдетте, құқық қорғау қызметі ретінде біз азаматтар мен ұйымдардың құқығын қорғауды мақсат ететін және заңға сәйкес заңдық әсер ету шараларын қолдану жолымен арнайы мемлекеттік органдар жүргізетін және олар белгілеген тәртіп мүлтіксіз сақталатын қызметті түсінеміз.

Сөйтіп, азаматтардың білікті заң көмегін алу құқығын қамтамасыз етуге тиісті құқық қорғау жүйесінде адвокатураға маңызды орын беріледі. Адвокатураның негізгі ұйымдық-құқықтық нысаны – адвокаттар алқасы – білікті заңгерлердің кәсіби ұйымы. Оның міндеті жеке және заңды тұлғаларға заң көмегін көрсету, құқықтар мен заңды мүдделерді, заңдылықты сақтау мен нығайтуға, сондай-ақ заңдарда көзделген кейбір өзге міндеттерді атқаруға жәрдемдесу болып табылады. Адвокаттар алқасы адвокатураның шынайы өзін өзі басқаруын, адвокаттардың кәсіби шеберлігін, олардың құқықтық және әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етуге көмектеседі.

Жеке адамның құқығын қандай да бір қол сұғушыдан қорғау, заңдылық үшін күрес және сот төрелігіне көмектесу – адвокаттық қызметке үлкен саяси-әлеуметтік маңыз береді.

Адвокатураның өзіне жүктелген мақсаттар мен міндеттерді қаншалықты тиімді атқаратындығы белгілі бір дәрежеде әрбір азаматтың ғана емес, сондай-ақ жалпы қоғамның қорғалу дәрежесіне де байланысты.

Әрбір азамат заңға қайшы емес барлық әдістермен, соның ішінде адвокатқа-заңгерлік білімі және азаматтар мен ұйымдарды қорғау мен өкілдік ету бойынша қажетті дағдылары бар кәсіби заңгерге өзінің жүгіну құқығын пайдалана отыра, сотта өз құқықтары мен бостандықтарын қорғауға құқылы.

Адам мен азаматтың құқығы мен еркіндігін түбегейлі жүзеге асыру олар істі қисынды және жете біле отырып қорғалған жағдайда ғана ықтимал. Мұндай қорғауды екінің бірі жүргізе алмайды. Бұл жағдайда заңдарды жақсы білумен қатар нормативтік құқықтық актілердің қолданылу практикасын білу, құқық қорғау органдарында іс жүргізу тәжірибесі талап етіледі. Басқаша айтқанда, тиімді көмекті көрсету үшін білікті маман қажет. Азаматтар әдетте заңнаманың негізгі қағидаларын біледі, ал субъектілік құқықтарды қорғау үшін терең білім мен заңдарды қолдану тәртібін білу талап етіледі. Адвокат – ол өзінің заңи білімі мен практикалық тәжірибесін заң көмегін көрсету кезінде пайдаланатын біліктілігі жоғары кәсіпқой.

Білікті заң көмегін алу құқығын конституциялық принцип деңгейіне көтеру аса маңызды мән-жайдан туындайды. Өйткені, тұлғаны заң көмегін алу құқығынан айыру кемсітушілікке, айтарлықтай шектеуге, ал кейде азамат пен қоғамды орны толмас залалға алып келеді. Конституцияның Қазақстанның бүкіл аумағында міндетті күші мен тікелей пәрмені болғандықтан заң көмегін алу құқығын қосымша баянды ету міндетті емес (қолданыстағы кодифицияланған актілерде бұл құқық көрсетілген): кез келген мемлекеттік орган, лауазымды тұлғалар, адвокаттардың өздері және азаматтар осы конституциялық нормадан туындайтын міндеттер мен өкілеттіктер туралы біледі.

Қазіргі қоғамда адвокатура институтының тиімді жұмыс істеуі заңдылықты сақтау мен жеке адамның құқығын қорғауға ықпал етеді. Сондықтан адвокат қызметі нақты азаматтың немесе ұйымның мүддесіне де, сондай-ақ мемлекет пен қоғамның жария-құқықтық мүддесіне сай келеді. Бұны соңғы уақытта көпшілік сезінді және адвокатураға қоғамдағы көзқарас баяу болса да өзгеріп келеді.

Адвокаттар алқасы заң көмегін көрсететін негізгі орган, алайда бірден бір орган емес. Құқықтық жүйеде азаматтарға заң көмегін көптеген ұйымдар мен тұлғалар (заң фирмалары, заң кеңесшілері, құқықтық мәселелер жөніндегі кеңесшілер, ақылы заң көмегін көрсету үшін лицензиясы бар жеке тұлғалар және т.б.) маңызды роль атқарады. Мысалы, заң фирмаларының қызметі азаматтар мен ұйымдарға адвокаттық қызметпен байланысты емес ақылы қызметтер көрсету жолымен тиісті лицензия негізінде жүргізіледі.

Сонымен қатар, кәсіподақ мүшелері кәсіподақ кеңестерінің заң консультациясы көрсететін көмекті тегін пайдалана алады. Азаматтар белгілі бір заң көмегін өздері жұмыс істейтін ұйымдардың, оның ішінде меншік нысаны әртүрлі кәсіпорындар мен мекемелердің заң кеңесшілерінен алады. Кәсіподақ кеңесшілері заң көмегін көбінесе кеңес беру және еңбек заңнамасы бойынша құжаттарды толтыру жолымен көрсетеді. Бұл жағдайда заң кеңесшісінің жұмыс, ең алдымен, өз ұйымы мен оның мүшелеріне көмек көрсету түрінде жүргізіледі, ал кез келген азамат немесе ұйым олардан толық

көмек ала алмайды. Сондықтан адвокаттардың заң көмегінің маңызы мен пәрменінің орны ерекше.

Адвокаттардың негізгі қызметіне жоғарыда аталған міндеттермен қатар, өзіне өтініш жасаған тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың қолданыстағы заңнамада қарастырылған барлық құралдар мен әдістерін пайдалана отырып көрсететін заң көмегінің саналуан түрлері кіреді. Бұл жағдайда кәсіби қорғаушы ретінде қылмыстық процесске тек қана адвокаттар ғана жіберіледі. Конституцияда айтылған білікті заң көмегін кәсіби негізде көбінесе тек адвокаттар ғана көрсете алатындығы осыдан келіп шығады.

Конституцияның білікті заң көмегін алуда азаматтар мен ұйымдарға кең және тең мүмкіндік беретіндігін атап өткен жөн. Конституциялық нормаларға сүйене отыра, «Адвокаттық қызмет туралы» 1997 жылғы 5 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы заңында адвокаттардың шешілімі кәсіби заң білімін қажет ететін мәселелер бойынша конституциялар, түсіндірмелер, кеңестер мен жазбаша қорытындылар беретіндігі; талап қою арыздарын шағымдарын мен басқа да құқықтық сипаттағы құжаттарды жасайтындығы; қылмыстық және азаматтық сот жүргізу істері мен әкімшілік құқық бұзушылық істерге қатысатындығы; азаматтар мен ұйымдарға өзге де заң қызметін көрсететіндігі тікелей айтылған.

Халықтың құқықтық мәдениеті деңгейінің өсуіне орай адвокаттарға өтініш жасаушылар саны үнемі артуда. Осындай өсу көрсеткішінің бірі ретінде Қазақстанда қазіргі уақытта заң көмегін адвокаттардың он алты аумақтық адвокаттық және аумақаралық алқасы көрсететіндігін атап өтуге болады. Адвокаттар алқасы құрамында филиалдары бар 176 қалалық аудандық заң консультациялары және 217 адвокат кеңсесі жұмыс істейді, мұндағы адвокаттардың жалпы саны – 2475 адам.

Адвокатураға қызмет мазмұны мен міндеті бойынша жақын, заң көмегін көрсететін өзге де ұйымдар тартылуда. Бұл үрдіс соңғы жылдары қанат жая бастады. Олар - өзіне азаматтар мен заңды тұлғаларға ақылы заң қызметін көрсету міндетін алатын, адвокаттық қызметпен байланысты емес қызметтерді көрсететін фирмалар мен өзге де кәсіпкерлік субъектілер.

Осыған байланысты заң көмегін құқық көмегінен ажырата білу керек. Осылайша, Қазақстан Республикасының басқа елдермен жасаған халықаралық шарттарға сәйкес құқықтық көмек – бұл сот, әділет, және тергеу органдарының екі немесе бірнеше мемлекет жасаған шарттар негізінде бір-біріне азаматтық, отбасылық және қылмыстық істерді шешу үшін жәрдемдесу жөніндегі қызмет.

Құқықтық көмек туралы шарттардың мақсаты – бір мемлекет азаматтарының басқа мемлекет аумағындағы жеке мүліктік және мүліктік емес құқықтарды өзара мойындауы мен сақтауын қамтамасыз ету.

Өз кезегінде заң көмегі мазмұны бойынша құқықтық көмекке қарағанда іс әрекеттердің өзге кең шеңберін қамтиды. Олардың арасында: қажетті нормативтік құқықтық актіні іздеуге жәрдемдесу; оның мәнін түсіндіру; өтінішті немесе қузаухатты я болмаса өзге құжатты құрастыруға

көмектесу; заң көмегін көрсету үшін заттарды; құжаттар мен мәліметтерді жинау және тапсыру; туындаған мәселені аса тиімді шеше алатын органды анықтау; сотта немесе өзге органда уәкілдік ету; қылмыстық іс бойынша немесе әкімшіліктік жауапкершілікке байланысты қорғауды жүргізу және т.б.

Халықтың білім мен мәдениетінің жалпы деңгейінің артуы, олардың саяси-әлеуметтік тәжірибені алуы, демократияның дамуы және оның принциптерін, атап айтқанда, адам мен азаматтың құқығын және бостандығын қорғауды насихаттау және басқа да жәйттердің барлығы адвокатура сияқты маңызды құқықтық институтқа талаптың көтерілуін туындатты. Бұл бағытта, практика көрсеткеніндей, тәуелсіз арнайы құрылған, өзін-өзі басқаратын кәсіби заңгерлердің ұйымы – адвокаттар алқасы өз қызметін барынша тиімді және сапалы жүргізеді.

Адвокатура өзінің маңызы мен орны бойынша қоғам мен мемлекет тарапынан да басқа мемлекеттік құқық қорғау органдары сияқты өзіне соншалықты назар аударуды талап етеді, өйткені заң адвокаттан өзіне заң көмегін көрсетуді сұраған әрбір адамның конституциялық құқығы мен мүддесін толық, объективті және білікті қорғауды талап етеді. Әңгіме бұл арада адвокаттардың пайдакүнемдік жеке мүдделері туралы емес, қайта өтпелі кезеңдегі қоғам үшін де, азаматтар үшін де көкейкесті заңдылық пен құқықтық тәртібін сақтау мен нығайту мәселелері туралы болып отыр.

Нақ осыған байланысты, демократиялық және құқықтық мемлекетті құру жолындағы адвокатураның рөлін ескере отыра, ҚР Президенті Н.Назарбаев өзінің Қазақстан халқына жолдауында құқық қорғау механизміндегі адвокатураның рөлін күшейту жөнінде пәрменді шаралар қабылдау қажеттілігін айрықша атап көрсетті.

Сөйтіп, адвокаттар кәсіби қызметінің мазмұны нақ осы заң көмегін көрсету болып табылады. Өз кезегінде адвокат көрсететін заң көмегі консультациялар, түсіндірмелер беру, талап қою арыздарын, шағымдар, қузаухаттар мен құқықтық сипаттағы өзге құжаттарды жасау және құқықтық сипаттағы өзге де құжаттарды талап ету сот ісінде, сондай-ақ одан тысқары басқа іс-әрекеттерді белсенді жасау жолымен азаматтар мен ұйымдардың құқықтар мен мүддесін қорғаудың заңды құралдары мен әдістерін пайдалану болып табылады.

Адвокатураның ұйымдастырылуы мен қызметін жетілдіру – Қазақстан Республикасының конституциясында жарияланған құқықтық және демократиялық мемлекет құру жолындағы маңызды міндеттердің бірі. Онда алға қарай даму болашағы бар, өйткені қазіргі құқықтық жүйе жалпы тиімді құқықтық институттың болуын көздейді. Олардың арасында тәуелсіз адвокатура лайықты орын алады. Нақ осы адвокатура жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғауды жүзеге асыру кезінде білікті заң көмегін көрсетуді қамтамасыз етеді.

1. Адвокатураның ұғымы, оның міндеттері.

Шетел терминдерінің қазіргі сөздігінде «Адвокатура» термині 1) ұйымды, адвокаттар алқасын; немесе 2) адвокат қызметін білдіреді.

Заңдық әдебиетте және қолданыстағы заңнамада адвокатураның нақты анықтамасы жоқ. Мысалы, «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының бірінші бабы осы терминді түсіндіруден емес адвокатура мақсатын көрсетуден басталады. Ал 20 бапта тек адвокаттар алқасы ұғымы ғана берілген. Сондықтан да, көрсетілген олқылық орнын толтыра және осы ұғымды кеңейте отыра, өз түсінігімізше, адвокатураны азаматтар мен ұйымдарға кәсіби заң көмегін көрсететін тұлғалар қызметінің негізін анықтайтын қоғамдық құқықтық институт деп санаймыз.

Адвокатураның негізгі ұйымдық-құқықтық нысаны нақ осы адвокаттар алқасы болып табылады және сондықтан «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының заңында адвокаттар алқасының адвокаттардың түбегейлі ұйым екендігі айтылған. Алайда бұл адвокатураның Қазақстан Республикасының Адвокаттар одағы, Адвокаттар халықаралық одағы (достастығы) Қазақ филиалы сияқты өзге де нысандарының бар екендігін жоққа шығармайды. Ал болашақта белгілі бір міндеттер мен мақсаттарды алдына қоятын басқа да адвокаттар бірлестігінің құрылуы мүмкін.

Адвокаттар алқасы заңды және жеке тұлғаларға білікті заң көмегін көрсету, адвокаттардың құқықтары мен заңды мүдделерін білу және қорғау үшін, жоғарыда аталған Заңда белгілеген өзге де білдіру міндеттерді атқару үшін құрылған адвокаттардың коммерциялық емес, тәуелсіз, кәсіби, өзін-өзі басқаратын және өзін-өзі қаржыландыратын ұйымы болып табылады. Заңда адвокаттар алқасы қоғамдық ұйым ретінде аталмаған. Алайда оның нақ осы қоғамдық ұйымға тән белгілері бар. Бұл:

1. Кәсіби ұйымды құрған тұлғалардың теңдігіне негізделген, тиісті ретпен ресімделген мүшеліктің болуы: Адвокаттар алқасы жоғары заң білімі бар және біліктілік емтиханын тапсырған және адвокаттық қызмет жүргізу құқығына лицензия алған Қазақстан Республикасының азаматтары қатарынан құралады. Алқаға ерікті мүшелік туралы пайымдау біршама даулы пікір туғызды. Бір жағынан, алқа құрамында ешкім зорлықпен қабылданбайды, екінші жағынан – онда адвокаттар алқасын таңдау құқығы жоқ, өйткені облыс аумағында бір ғана алқа жұмыс істейді. Алайда істің мәні басқада – қолданыстағы заң бойынша алқа мүшесі болмай адвокаттық қызметпен шұғылдануға тиым салынады. Әрине, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінен тиісті лицензия алуға болады, алайда лицензия алған және адвокаттық қызметпен айналысқысы келген адам адвокаттар алқасына мүшелікке кіруге және «Адвокаттық қызмет туралы» Заң шегінде кәсіби негізде заң көмегін көрсетуге міндетті. Алқа мүшелігіне қабылдау және одан шығаруды сайланбалы алқа органы – адвокаттар алқасының төралқасы жүргізеді. Әрбір адвокат алқаның толық мүшесі және «Адвокаттық қызмет туралы» Заңның 14 және 15 баптарында қарастырылған құқықтар мен міндеттемелердің жиынтығына ие болады.

2. Қоғамдық ұйым мүшелерінің оның мүліктік негізін жасауға материалдық қатысуы тек кіру және мүшелік жарна түрінде ғана жүргізілмейді. Адвокатурада ұйымның мүліктік негізін құруға арналған қаражат, сондай-ақ өз қорларынан заң конституциялары аударған сома және адвокат кеңселері азаматтар мен ұйымдарға заң көмегін көрсеткені үшін алған төлемнен құралады. Мүлік сонымен қатар ерікті мүліктік жарнамалар мен садақалардан; демеушілік және қайырымдылық көмектен; заңда тиым салынбаған өзге түсімдерден құралады.

3. Алқа мүшелерінің өз ұйымының ісін басқаруға, алқа бас органдарын сайлауға, оның басшы органдарының қызметін бақылауға қатысу – осының барлығы тәуелсіз және өзін-өзі басқаратын қоғамдық ұйым ретінде осы құқықтық институттың ерекшелігін көрсетеді. Қазақстан заңнамасында ассоциация (одақ) нысанындағы мекеме, қоғамдық бірлестік, акционерлік қоғам. Тұтыну кооперативі, қор, діни бірлестік, заңды тұлғалар бірлестігі сияқты коммерциялық емес ұйымның осындай нысандарының және заңнама актілерінде қарастырылған өзге де нысандардың қызметіне рұқсат етіледі. Қолданыстағы заңнама коммерциялық емес ұйымның басқа да ұйымдық-құқықтық нысанында құрыла алатындығын анықтайды. Бұл нысанға нотариалдық палаталар, адвокаттар алқасы, аудиторлар палатасы, пәтер иелерінің кооперативтері және өзге де коммерциялық емес ұйымдар жатады. Адвокаттар алқасының құқықтық жағдайының ерекшелігі «Адвокаттық қызмет туралы» ҚР Заңымен реттеледі. Алайда бұл, біздіңше, адвокаттар алқасының коммерциялық емес ұйым бола отыра, ұйымдық-құқықтық нысаны бойынша қоғамдық бірлестікке біртабан жақын екендігі туралы қалыптасқан көзқарасты теріске шығара алмайды. Оның үстіне, ҚР Конституциясының

23-бабында «Қазақстан Республикасы» азаматтарының бірлестіктерді еркін таңдау құқығына ие екендігі, қоғамдық бірлестіктер қызметінің заңмен реттелетіндігі атап көрсетіледі. «Қоғамдық бірлестіктер туралы» ҚР Заңының осы Конституциялық қағиданы орындау үшін «Бірлестіктерді еркін таңдау құқығының адам мен азаматтың маңызды конституциялық құқығының бір екендігі, оны іске асырудың қоғам мүддесіне жауап беретіндігі және мемлекеттің қорғауында болатындығы» тікелей көрсетілген

«Қоғамдық бірлестіктер туралы» ҚР заңына сәйкес Қазақстан Республикасында қоғамдық бірлестіктер болып саяси партиялар, кәсіптік одақтар және өздері қойған мақсаттарға жету үшін ерікті негізде құрылған, қолданымдағы заңнамаға қайшы емес азаматтардың өзге де бірлестіктері танылады. Бұл маңызды принциптік қағида. 3-бап Заң күшінің діни бірлестіктерді, аумақтық жергілікті өзін-өзі басқару органдарын және қоғамдық ынталы органдарды қоспағанда, азаматтардың бастамасы бойынша құрылған барлық қоғамдық бірлестіктерге таратылатындығын белгіледі, алайда саяси партиялар, кәсіподақтар мен қоғамдық бірлестіктердің жеке түрлерін құруға, қызметіне және таратылуға байланысты ерекшеліктер өзге заңнама актілермен реттелуі мүмкін. Осы бапқа сәйкес, алайда қоғамдық бірлестіктерді құру және қызметінің негізін

жалпы анықтайтын ортақ принциптер шегінде адвокатураның ұйымдастырылуы мен қызметін реттейтін арнайы құқықтық нормативтік актіні, яғни «Адвокаттық қызмет туралы» ҚР Заңын қабылдау қисынды болып табылады.

Осы көзқарастың болуына Алматы қалалық сотының Конституциялық Кеңсе «Адвокаттық қызмет туралы» Заңның 20-бабы 3 тармағы екінші абзацының Конституциялық еместігін мойындау туралы тапсырған ұсынымы айғақ болады. Онда облыстың, республикалық маңыздағы қаланың, астананың аумағында адвокаттар алқасы болмаған жағдайда алқаның осы заңның 7-бабының талаптарына сай келетін кемінде он құрылтайшының бастамашылығымен құрылатындығы айтылған. Осы қағида азаматтардың бірлестіктерді еркін таңдау құқығын шектейді. Алайда Конституциялық Кеңес мыналарға сүйене отырып тапсырылған өтінішпен келіскен жоқ:

біріншіден, адвокаттар алқасына мүшелік міндетті болып табылады, оның үстіне адвокаттар қызметі лицензияландыруға жатады.

екіншіден, мемлекет адвокаттар алқасының мүшелеріне ҚР ҚІЖК-де қарастырылған жағдайда қылмыстық процеске міндетті түрде қатысуды, сондай-ақ істердің кейбір санаты бойынша тегін заң көмегін көрсетуді жүктейді.

үшіншіден, қоғамдық бірлестіктерге қарағанда адвокаттар алқасына жеке және заңды тұлғалар да кіре алады.

Осы түйінді ескере отыра, Конституциялық Кеңес адвокаттар алқасының қоғамдық бірлестіктерден ерекшеленетін коммерциялық емес заңды тұлғалардың дербес ұйымдық –құқықтық нысаны болып табылатындығы туралы қаулы шығарды. Ал тиісінше «Адвокаттық қызмет туралы» Заңда ешқандай да Конституцияны бұзушылық болған жоқ.

Алайда, тұтастай, Конституциялық Кеңестің осы негіздемесі, біздіңше, қойылған сұрақтарға толық жауап бермейді, оның үстіне бір қатар ТМД елдерінде (Ресейде) адвокаттар алқасын қоғамдық бірлестікке жатқызады.

Ақиқатында, адвокаттар алқасын бірқатар белгілері бойынша қоғамдық бірлестіктерге жатқызуға болды. Қатаң кәсіби принцип бойынша құрыла, ҚР Конституциясы мен заң (ең алдымен «Адвокаттық қызмет туралы» 1997 жылғы 5 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының заңы, лицензия туралы заңнама және т.б.) негізінде іс-әрекет ете отыра, адвокаттар алқасы заңды тұлғалар жүйесінде ерекше орын алады.

Адвокаттар алқасын қоғамдық бірлестік нысанындағы коммериялық емес ұйым ретінде тану облыс, республикалық маңыздағы қала мен астана аумағында бірнеше алқа құруға мүмкіндік берер еді. Ол адвокаттық қызметпен айналысқысы келген кез келген адамға өз таңдауымен адвокаттар алқасына әкімшіліктік-аумақтық бөлініске сәйкес кіруге құқық береді:

- заң көмегін көрсету сапасын көтеруге;
- азаматтар мен ұйымдарға нақты алқаны өз қалауымен таңдауға;
- заң көмегі үшін төлем көлемін азайтуға;
- халық арасында құқық білімін насихаттауды кеңейтуге және т.б

Жеке және заңды тұлғаларға заң көмегін көрсете, анықтау, алдын ала тергеу, сот, мемлекеттік және басқа органдар мен ұйымдарда және азаматтармен қарым-қатынаста өкілдік пен қорғауды жүзеге асыра, сот төрелігін жүзеге асыру процесінде сайысушы тараптардың бірі ретінде қатыса отыра, адвокаттар ақы алады, оның бір бөлігін алқа қызметін қолдауға жұмсайды. Яғни, олар атқарған қызмет-коммерциялық әрекет емес.

Сөйтіп, адвокаттар алқасы құрылу және жұмыс істеу әдісі бойынша мемлекеттік органдарға тәуелсіз өзге ұйымдық-құқықтық нысандағы кәсіби бірлестікке жатады. Алайда олардың қызметінде кәсіби бірлестікке тән емес мынадай белгілер де бар. Бұл ең алдымен олардың әділет органдарымен қарым-қатынас сипатына қатысты, атап айтқанда ҚР Әділет министрлігінде азаматтар мен заңды тұлғаларға, оның ішінде адвокаттар алқасына қызмет көрсетуге байланысты, қылмыстық және азаматтар істерді қарау кезінде өкіл немесе қорғаушы ретіндегі адвокаттың жағдайын, адвокатты тәртіптік жауапкершілікке тартуды және т.б. ұйымдастыру үшін өзара байланыс және жағдай жасау жөніндегі бөлімнің болуы. Сонымен қатар, әділет органдары адвокаттық қызметпен шұғылдану құқығы үшін лицензия беруге тиіс.

Алайда, бұл адвокаттардың тиісті лауазымдық міндеттемесін атқаратын қызметшілер екендігін білдірмейді.

Біріншіден, адвокаттар мемлекеттік органдарда қызмет атқармайды (тағайындау, сайлау немесе конкурс бойынша), яғни мемлекеттік қызметте жоқ. Олар адвокаттар алқасымен шарт жасамайды.

Екіншіден, мемлекеттік қызметшілер қызметтік міндеттемені орындайды, мемлекеттің немесе оның органының атынан және тапсырмасы бойынша әрекет етеді. Олардың көпшілігі мемлекеттік-биліктік өкілеттіктерді атқарады. Бұл қағида ешбір жағдайда да адвокаттарға қолданылмайды. Олар азаматтар мен ұйымдарға заң көмегін көрсетеді, өз атынан сөз сөйлейді және азаматтар мен мемлекеттік органдарға қатысты мемлекеттік-биліктік өкілеттіктер жүктелмеген.

Үшіншіден, адвокаттар өз еңбегі үшін мемлекеттік қызметшілер сияқты мемлекеттен сыйақы алмайды. Көрсеткен заң көмегі үшін төлем ретінде азаматтар мен ұйымдардан адвокаттар кеңсесіне және заң консультациясына түскен қаражаттан еңбекақы алады (Заңның 5-бабы). Заңнамада азаматтарға тегін көмек көрсетілетін жағдайдың өзінде адвокат еңбегі заң консультациясының немесе адвокат кеңсесінің қаражатынан, ал егер адвокат клиенті процесті жүргізген орган немесе сот қаулысы негізінде төлемнен босатылса, онда республика бюджеті қаражатынан төленеді. Заң консультацияларында меңгерушінің кесімді жалақы алуы да, мұнда да жалақы сол көздерден төлегендіктен істің мәнін өзгерте алмайды.

«Адвокаттық қызмет туралы» 1997 ж 5 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы заңының негізгі міндеті азаматтар мен ұйымдарға заң көмегін көрсету болып табылады, ал ҚР Конституциясының 13-бабы әрбір адамның білікті заң көмегін алу құқығына кепілдік береді. Бұл көмекті көрсетудің сан алуан түрлері бар. Алайда құқықтық көмек беруді, әртүрлі заң құжаттарын

құрастыруды және заң көмегінің басқа түрлерін қызмет көрсетумен толық теңестіруге болмайды.

Біздің ойымызша, кәсіпкерлік тәртібімен қызмет көрсету ретінде жеке меншікке (жеке кәсіпкерлік) негізделген тауарға (жұмысқа) сұранымды қанағаттандыру жолымен пайда немесе жеке кіріс алуға бағытталған қызмет түсініледі. Бұл жағдайда осы қызмет оның атынан, кәсіпкердің тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүргізіледі. Адвокатураға қатысты ешқандай да кәсіпкерлік қызмет туралы әңгіме болуға тиісті емес. Адвокаттардың аталған іс-әрекеті азаматтар мен ұйымдарға олардың мемлекеттік органдармен, қоғамдық ұйымдармен және бір-бірімен қарым-қатынасында өздерінің құқықтары мен мүдделерін жүзеге асыруда жәрдемдесуге бағытталған. «Заң қызметін көрсету» термині сонымен қатар адвокаттардың сезіктілер мен айыпкерлерді қорғаушы, жәбірленуші өкілі, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер ретінде алдын ала тергеу мен сотқа қатысу кезінде қолданылмайды. Бұл – «қызмет көрсету емес» қайта азаматтардың құқығы мен заңды мүддесін қорғаудың сот төрелігіне жәрдемдесудің бір түрі.

Азаматтар мен ұйымдарға көрсетілетін өзге заң қызметі де, ақыр аяғында, олардың құқығы мен мүддесін қорғауға және заңдылықты сақтау мен нығайтуға бағытталған.

Айтылғандарға орай, «қызметтер», «заң қызметін көрсету» терминдері адвокатура қызметінің мәнін құрайтындардың бәрін бірдей түсіндіруге келмейді. Ал осы мән «Адвокаттық қызмет туралы» заңның 1-бабында қарастырылғандай, азаматтар мен ұйымдарға тек заң көмегін көрсету болып табылады.

Сөйтіп, қоғамның құқық қорғау жүйесінің маңызды элементтерінің бірі ретіндегі адвокатураның мәнін былайша анықтауға болады: адвокатура-бұл азаматтар мен ұйымдарға олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында кәсіби заң көмегін көрсетуді жүзеге асыратын тұлғалар қызметінің негізін анықтайтын мемлекеттік емес-құқықтық институт. Бұл анықтаманың негізгі түйіні-адвокатура мемлекеттің немесе сот төрелігінің мүддесін қорғау үшін қызмет етпейді, қайта мемлекеттік емес, жеке мүддені білдіреді және қорғайды.

Адвокатура көрсететін заң көмегінің ерекше сипаты бар, өйткені ол азаматтар мен ұйымдардың құқығы мен мүддесін қорғау саласына жатады. Бұл тұрғыдан адвокатура құқық қорғау органы болып табылады, ал оның маңызы басқа мемлекеттік органдардан (прокуратура,) сот және басқалар ешбір кем емес.

Қазақстан Республикасы дамуында саяси және құқықтық жүйе институты ретіндегі адвокатураның орны құқық ролінің сапалы артуымен, мемлекеттік және қоғамдық өмірдің негізін нығайтумен тікелей байланысты.

Әлеуметтік басқару саласы әкімшілік басқарумен салыстырғанда құқықтық әдісті қолдануды талап етеді. Бұл үрдіс қазіргі уақытта айтарлықтай қанат жайып келеді. Мемлекет халыққа заң көмегі мен

қызметтер саласында құқықтық реттеуден бас тарта алмайды. Мұндай реттеудің мақсаты, ең алдымен, осы қызметкер нарығын әрбір азаматтың қорғану үшін өз конституциялық құқығын жүзеге асыруына кепілдік беретін жоғары сапалы құқық қорғау жұмысымен толтыру.

Осыған байланысты адвокаттардың азаматтар мен ұйымдарға көрсететін заң қызметінің әлеуметтік және саяси маңызы артады. Өкінішке орай, көрсетілетін көмектің қазіргі деңгейі өз көлемі мен сапасы бойынша адвокатура алдында тұрған міндеттерге жауап бермейді. Мәселе тіпті, бір жағынан, адвокатураның соншалықты жұмысбастылығында және заң көмегіне халықтың өсіп отырған сұранымын қанағаттандыра алмайтындығында, екінші жағынан, бұл көмек сапасының және көлемінің қазіргі талаптарына сәйкес болу үшін қажетті құқықтары мен өкілеттіктерінің жоқтығында емес. Басты себебі заң деңгейінде жедел шешу талап етілетін адвокатура қызметін ұйымдастыруға, түрлері мен әдістеріне қатысты мәселелердің орын алғандығында болып отыр.

Қазақстан Республикасы Конституциясының талаптарына сәйкес нарық экономикасының тереңдету жағдайында адвокаттар ұйымы мен қызметін реттеуге арналған адвокатура туралы қолданымдағы заң қазіргі уақытта жетілдіруді қажет етеді. Уақыт пен практика талаптарына орай адвокаттық қызметті реттейтін ҚР Заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар жөнінде ұсыныс даярлау қажет.

Адвокаттар алқасы Заңға сәйкес құқықтық құралдармен азаматтар құқығын заңмен қорғаудың сан алуан түрлерін көрсету үшін құрылған және әрекет ететін білікті заңгерлердің кәсіби ұйымы болып табылады.

Заң шығарушы адвокаттар алқасының азаматтар мен ұйымдарға заң көмегін көрсететіндігін, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететіндігін атаумен шектелмейді. Сонымен қатар, адвокатураның Қазақстан Республикасында адамның өз құқықтарын, бостандықтарын сотта қорғауға және білікті заң көмегін алуға мемлекет кепілдік берген және ҚР Конституциясымен баянды етілген құқықтарын жүзеге асыруға жәрдемдесу керектігі атап өтіледі.

Адвокатураның алдында міндеттердің бұлайша қойылуының көптеген мәселелерді дұрыс түсіну мен шешу үшін ерекше маңызы бар.

2. Адвокатура қызметінің құқықтық негіздері.

Адвокаттық қызметті реттейтін заңнама адвокаттық қызметтің рәсімдерін реттейтін және оның жүзеге асыру тәртібі мен мазмұнын анықтайтын, Қазақстан Республикасы Конституциясында белгіленген тәртіппен қабылданған нормативтік құқықтық актілер болып табылады.

Қазақстан Республикасындағы адвокаттық қызмет туралы заңнама көздерінің түрлері туралы мәселе ҚР Конституциясының 4-бабы және «Адвокаттық қызмет туралы» Заңның 2- бабының нормативтік ұйғарымдарына сәйкес шешіледі. Конституция 4- бабының 1-бөліміне сәйкес Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы құқық Конституцияның, оған сәйкес заңдардың, өзге нормативті құқықтық актілердің, Республиканың халықаралық шарттық және өзге міндеттемелерінің, сондай-ақ Республика Конституциялық Кеңесі мен Жоғары Соты нормативтік қаулыларының нормалары болып табылады. «Адвокат қызмет туралы» заңның 2- бабында адвокаттық қызмет тәртібінің осы Заңмен және адвокаттық қызметті реттейтін өзге заңдармен тәртіптелетіндігі белгіленген.

Жеке және заңды тұлғалар істері бойынша адвокаттар өздері қорғау мен өкілдік етуді жүргізген кездегі жүргізушілік құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленеді (1997 ж 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының қылмыстық істер жүргізу кодексі, 1999 жылғы 13-шілдедегі Қазақстан Республикасының азаматтық істер жүргізу кодексі, 1999 жылғы 30-наурыздағы Қазақстан Республикасының «Қылмыстың жасалуына сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстаудың тәртібі мен шарттары туралы» заңы және т.б.).

Жоғарыда тізбелеген заңнама актілерінің ережелеріне сәйкес адвокаттық қызметті реттейтін заң негіздеріне мыналар жатады:

- 1) Қазақстан Республикасы Конституциясы;
- 2) Адвокаттық қызметті реттейтін нормалар мазмұндалаған конституциялық заңдар;
- 3) «Адвокаттық қызмет туралы» заң;
- 4) Адвокаттық қызметті реттейтін нормалар мазмұндалған өзге де заңдар;
- 5) Адвокаттық қызметті реттейтін нормалар мазмұндалған заңға негізделген нормативтік актілер;
- 6) Адвокаттық қызметке қатысты нормалар мазмұндалған Қазақстан Республикасының халықаралық шарттық және өзге міндеттемелері;
- 7) Адвокаттық қызметке жататын мәселелер бойынша Конституциялық кеңестің нормативтік қаулылары;
- 8) Адвокаттық қызметке жататын мәселелер бойынша ҚР Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары;

Бұл негіздер нормативтік құқықтық актілер деңгейін, яғни, нормативтік құқықтық актілер сатысындағы нормативтік құқықтық актілердің орнын ескере отырып оның заңдық күшіне байланысты тікелей реттілікпен орналасады. Аталған сатыдан тыс тек Қазақстан Республикасының конституциялық Кеңесінің нормативтік қаулылары, Қазақстан

Республикасының Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары ғана орналасады.

Заң күші – нормативтік құқықтық актінің белгі бір құқықтық салдар туғызу ерекшелігі. Осындай акті заң күшінің дәрежесі мемлекет органдарының жүйесінде осы актіні шығарған органның құқықтық мәртебесінің жағдайы мен құзыретіне байланысты.

Адвокаттық қызмет туралы заңнаманың жоғарыда аталған негіздерін жан-жақты ашып, талдау қажет.

Барлық тізбеленген негіздерден 1995 жылығы 30-тамызда Республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясын ерекше атап көрсету керек (Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасы Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» 1998 жылғы 7- қазандағы заңына сәйкес).

Қазақстан Республикасының Конституциясы –бұл Қазақстан Республикасы заңдарының құқықтық негізі жоғарғы заң күші бар және Республика аумағында тікелей реттеудің басқа салалары сияқты Конституциялық нормалар тікелей қолданылады.

Адвокаттық қызметке қатысты Конституциялық ұйғарым 2 тарауда мазмұндалады. Оның негізгі мазмұны адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарына арналған Адвокат туралы Қазақстан Республикасының қолданыстағы Конституциясында тек 1-бапта ғана аталатындығын бөлек көрсету керек. 16-бапқа сәйкес ұсталған, тұтқындалған, қылмыс жасады деп айып тағылған әрбір адам ұсталған тұтқындалған немесе айып тағылған әрбір адам ұсталған адвокаттың (қорғаушының) көмегін пайдалануға құқылы.

Әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бар. Заңда көзделген жағдайларда заң көмегі тегін көрсетіледі.

Осы қағида жеке адамның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау неізінде жатқан аса маңызды және принципті ережені мазмұндайды.

Келесі негіз Қазақстан Республикасының Конституциялық заңдары мен Қазақстан Республикасының Президентінің Конституциялық заң күші бар жарлықтары болып табылады.

Заңдар Конституциялық деп Қазақстан Республикасының Конституциясында көзделген мәселелер бойынша Парламенттің әрбір палатасы депутаттары жалпы санының кемінде үштен екі дауысымен қабылданатындықтан аталған. Конституцияда тікелей көзделген жағдайларда бұл мәселелер Елбасының ерекше жарлықтарымен тәртіптелуі мүмкін. Олар Конституциялық заң күші бар Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары деп аталады.

Атап айтқанда, 2000 жылғы 25-желтоқсандағы Қазақстан Республикасының «Сот жүйесі және судьялар мәртебесі туралы» Конституциялық заңының негізгі мақсаты сот жүйесі мен соттар қызметін одан әрі жетілдіру болып табылады.

Осы нормативтік құқықтық акті соттар құрылымының маңызды саяси-элементтік мәселесін, олардың құзыретін соттар мәртебесін анықтайды. Алайда, олар адвокаттардың (қорғаушылардың) қызметіне тікелей қатысты,

нақты мәселелерді шешу үшін принципті маңызға ие нормалар да бар. Осы мәселелер арсынан тиісті ретпен тәртіптелген мына жайттар айрықша ерекшеленеді:

- сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, Республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуді қызмет етеді;
- әркімге мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды және өзге де адамдардың республиканың Конституциясында және заңдарында көзделген құқықтарға, бостандықтар мен заңды мүдделерге нұқсан келтіретін немесе оларды шектейтін кез келегн заңсыз шешімдері мен іс-қимылдарынан сот арқылы қорғануға кепілдік беріледі;
- ешкімді де оның ісін заңның барлық талаптары мен әділеттілікті сақтай отырып құзыретті, тәуелсіз және алаламайтын соттың қарау құқығынан айыруға болмайды;
- сот билігі азаматтық, қылмыстық және заңда белгіленген сот жүргізу ісінің өзге де нысандарымен жүзеге асырылады (1-бап, 2-тармақ).
- Нормативтік құқықтық актілер негіздер адвокаттардың құқықтық жағдайын барынша толық реттейтін Қазақстан Республикасының «Адвокаттық қызмет туралы» 1997 жылғы 5-желтоқсандағы заңы ерекше орын алады (2001 жылығы 11-шілдедегі № 235 және 2003 жылғы 3-маусымдағы № 424 өзгерістер мен толықтырулармен). Онда адвокатура міндеттерінің ұйымдастырылуы мен қызметтерін анықталған, аса маңызды ұғымдар, адвокаттардың құқықтары мен міндеттері, адвокаттар көрсететін заң көмегінің түрлері түсіндірілген.

«Адвокаттық қызмет туралы» Заң негізі болса да, адвокатураға қатысы бар жалғыз заң емес. Өзінің бүкіл маңызына қарамастан осы Заң адвокаттар қызметін, әсірсе сот жүргізу ісіне қатысатындардыкін, олардың өкілеттігі және т.б. толығымен реттей алмайды. Осы заңның қағидаларын дұрыс қолдану бірқатар заңдардың ережелерін білуді талап етеді. Оған жататындр:

- 1997 ж 16 –шілдеедгі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі;
- 1997 ж 13 –желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі;
- 1994 ж 27–желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. Жалпы бөлім.
- 1999 ж 1 –шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі;
- 1999 ж 13 –шілдедгі Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексі;

- 2001 ж 30 –қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі;
- 2001 ж 15 –қаңтардағы Қазақстан Республикасының «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» заңы.;
- 2001 ж 12 –маусымдағы Қазақстан Республикасының бюджетке салықтар және басқа да міндетті төлемдер кодексі (салық кодексі).
- 2000 ж 5 –шілдедегі Қазақстан Республикасының (Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы) заңы.
- 1999 ж 30 –наурыздағы Қазақстан Республикасының «Қылмыстың жасалуына сезіктілер мен айыпталушылардың күзетте ұстаудың тәртібі мен шарттары туралы» заңы;
- 1995 ж 17-сәуірдегі Қазақстан Республикасының «Лицензиялау туралы» № 2200 заңы.
- Және басқа да заңнама актілері.

Жоғарыда тізбеленген нормативтік құқықтық актілер және өзге заңдар жалпы тиісті құқықтық актілер және өзге заңдар жалпы тиісті құқықтық қатынастарды ретуге арналған. Мысалы, олар мемлекеттік құқық қорғау органдарының өкілеттігін, сондай-ақ басқа қатысушылармен құқықтық қатынастарының өзара байланыс тәртібін реттей алады. Алайда, оларда сонымен қатар адвокаттық қызметтен туындайтын нақты мәселелерді шешу үшін принципті маңызы бар нормалар мазмұндалған.

Заңға негізделген актілер, яғни заңдар негізінде және мемлекеттік органдардың өз құзырет шегінде орындауы үшін шығарылған нормативтік құқықтық актілер өзге негіздер болып табылады. Олар заңдар нормаларын нақтылауы және тәртіптерді белгілеуі мүмкін, алайда, бұл жағдайда олар заңға сәйкес және оған қайшы болмауға тиіс. Мысалы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Адвокаттар көрсететін заңи көмектер мен қорғауға және өкілдікке байланысты шығындардың орнын толтыруды республикалық бюджет есебінен төлеу ережелері туралы» 1999 ж 26-тамыздағы Қаулысы. Осы қаулыда заңнамада көзделген жағдайларда адвокаттар көрсететін заңи көмектер және қорғаумен, өкілдікпен байланысты шығындардың орнын толтыру тәртібі реттеледі (Адвокаттардың Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің 114 және 304 баптарына, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 590 бабына және «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан республикасы Заңының 5-бабының 2-тармағына сәйкес). Заңда негізделген актіге сондай-ақ «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 ж 25-қыркүйектегі Адвокаттық не нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдардың аттестациядан өту ережесін Және басқа да актілерді жатқызуға болады. Адвокаттық қызмет үшін маңызды тұжырымдамалық мәні бар құқық негіздеріне Қазақстан Республикасындағы құқықтық реформаның мемлекеттік бағдарламасын (неізгі бағыттар) жатқызуға болады (1994 ж 12-ақпанда Қазақстан Республикасы Президентінің қаулысымен бекітілген) онда сот жүйесінің тиімді жұмыс істеуі үшін күшті, білікті адвокатура қажеттігі аталып өтілген.

Аталған мемлекеттік бағдарлама қабылданған сәтте құқықтық реформа адвокатура туралы қолданыстағы заңдарды қайта қарауды көздеді. Оларда мына ережелер орын алуға тиіс болатын: адвокаттық қызметтің сан алуан тәуелсіз, өзін-өзі басқаратын ұйымдық нысандары; олардың міндетті лицензиялануы; тиімді қорғау және өзге заң көмегін көрсету бойынша адвокат қызметіне араласпаушылық; кез келген мемлекеттік және мемлекеттік емес органдар мен мекемелерде сот ісінің кез келген сатысында кәсіби заң көмегі мен қорғау құқықтары; мемлекет есебінен заңмен анықталған адамдарды қорғау үшін шығындарды төлеу; адвокаттардың ерікті бірлестіктерінің, адвокаттық кеңселер мен фирмалардың жеңілдетілген салығы. «Адвокаттық қызмет туралы» 1997 ж 5- желтоқсандағы заң және адвокаттық қызметті реттейтін өзге де заңдар мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асырудың маңызды нәтижесінің бірі болып табылады.

Жалпы осы құқықтық реформаның өзінің рөлін орындағанын атап көрсеткен жөн. Ол уақытша сипатта болған қоғам дамуының белгілі кезеңі болды. Қазір реформалардан гөрі мемлекеттің құқықтық дамуының тұжырымдамасы туралы көбірек айту керек. Енді қолданыстағы заңға қажетті өзгерістер мен толықтырулар енгізу жолымен қабылданған актілердің кемшіліктері жойылуға тиіс. Атап айтқанда, негізсіз айыптаудан және соттаудан, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын заңсыз шектеуден қорғауды қалайша толығымен қамтамасыз ету және сонымен қатар қылмыстық процестің өзін барынша оңай, қарапайым және тиімді етуге болады. Сондықтан ҚР Әділет министрлігінің Қазақстанның құқықтық дамуының тұжырымдамасын жүзеге асыру жұмыстарын жалғастыруға тиістілігі әділ айтылған. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің бұл жұмыс Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 ж 20-қыркүйектегі № 949 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Құқықтық саясат Тұжырымдамасына сәйкес орайластырылған. Қылмыстық іс жүргізу заңдарын одан әрі жетілдіру қажет. Бұл орайда негізгі мақсат қылмыстық іс жүргізудің адам құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған мынадай түбегейлі принциптерін нақты нормаларда одан әрі дәйекті жүзеге асыру болып табылады (басқалардың арасында): сот ісін жүргізуді сотта іс қарауда айыптау функциясын қорғау функциясы мен істі шешу функциясынан бөлек болатындай етіп құратын тараптардың бәсекелестігі мен тең құқықтығы, сол секілді Қазақстан Республикасының Конституциясы белгілеген, халықаралық құқықтық нормалармен және Республиканың қылмыстық іс жүргізу заңымен танылған басқа да принциптер негізінде жүзеге асыру. Оның ішінде Тұжырымдама қылмыстық сот ісін жүргізудегі қылмыстық саясат ізгілігі үрдісінің көрінісі мыналар болып табылатындығын белгілейді (басқалардың арасында): жәбірленушілердің, соның ішінде мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін кеңейту іс жүзінде қылмыстық процестің негізгі басымдықтарының бірі болуға тиіс. Осы мақсатқа адвокаттар мен азаматтардың сот төрелігінің тиісті сатыларына қатысуының нақты тетігін қамтамасыз ететін нормаларды қарастыру қажет.

Адвокаттық қызметті реттеу үшін ерекше негіз ретінде азаматтық, отбасылық және қылмыстық істерді шешуге жәрдемдесу бойынша соттар, әділет, прокуратура және тергеу органдарының ынтымақтастық мәселелері жөнінде мемлекеттер жасаған құқықты көмек туралы халықаралық шарттарының үлкен маңызы бар.

Мысалы, 1993 ж 22-қаңтарда Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы 12 мемлекетінің басшылары қол қойған, 1994 ж 10-желтоқсанда күшіне енген азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы Конвенция, 1997 ж 28-наурызда Конвенцияға қатысушы мемлекеттер қол қойған Хаттамамен өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Осы Конвенцияның 4 бөлімінде Конвенцияға қатысушы-мемлекеттер өтініші бойынша қылмыс жасаған адамдарды беру, қылмыстық ізге түсу, өзара ақпарт алмасу, сондай-ақ қылмыстық іс бойынша өндіріске байланысты кейбір басқа әрекеттерді жасау туралы келісілген тәртіп белгіленді.

Осы көп қырлы конвенция осы тектес екі жақты келісімді жасауға кедергі жасамайды. Олар да адвокаттық қызметті реттеуде құқықтық негіз болып табылады. Осылайша, Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы азаматтық және қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсету туралы 1996 ж 26-тамызда Шарт жасалған, осы шарттың 37-бабына сәйкес «уағдаласушы тараптардың бірінің өкілдері екінші жақтың келісімімен өзге уағдаласушы тараптың қылмыстық көмек көрсету туралы өтінішін орындау кезінде қатыса алды».

Адвокаттар ролі туралы негізгі ереже БҰҰ Пактісі ерекше орын алады (Нью –Йоркте) 1990 ж тамызда қылмысты ескерту жөніндегі БҰҰ сегізінші Конресінде қабылданды). Бұл құжатта адвокаттар, судьялар, прокурорлар, заң шығарушы атқарушы билік өкілдері міне жалпы қоғам назарына ілігуге тиіс негізгі тәртіптер мазмұндалған: қатысушы-мемлекеттерде олардың міндеттеріне жәрдемдесу және ұлттық заңдарды әзірлеу мен оны қолдану кезінде Үкіметтер сыйлауға және кепілдік беруге тиіс адвокаттың ролін қамтамсыз етуде. Бұл принциптер сонымен қатар адвокаттың формальді мәртебесін алмай адвокаттық міндеттерді жүзеге асыратын адамдарға да қолданылуға тиіс.

Қазақстан құқығының жаңа негіздер жоғарыда атап өтілгендей, Республиканың Конситуциялық Кеңесі мен Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары, олар қолданыстағы заңдардың қолданылуын міндеті түрде түсіндірулерді мазмұндайтын актілер болып табылады. Адвокаттық қызмет туралы заңның мазмұнына және оны қолдану практикасына әсер еткен Конситуциялық Кеңестің қаулысына, мысалы «Қазақстан Республикасының Конситуциясының 4-бап 1-тармағын, 14-бабы 1-тармағын, 77 бабы 3-тармағының 3-тармақшасын, 79 бабы 1-тармағын және 83 бабы 1-тармағын ресми түсіндіру туралы» 1997 ж 6-наурыздағы № 3 Қаулысын жатқызуға болады.

Атап айтқанда, Конституция 77-бабы 3-тармағының 3-тармақшасында заңды қолдану кезінде соттар басшылыққа тиіс сот төрелігін іске асырудың

негізгі Конституциялық принциптерінің бірі мазмұндалаған: «өзіне заңмен көзделген соттылығын оның келісімінсіз ешкімнің өзгертуге болмайды». Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі ресми түсіндіруге байланысты Конституция 77-бабы 3-тармағының 3-тармақшасының нормасын төменгі тұрған соттың соттау құзырын жоғары тұрған соттың өз іс жүргізуіне қабылдауы, сондай-ақ соттылықты өзгертуге әкеп соғатын сол деңгейдегі басқа сотқа істі тапсыру ісі сотта қаралып жатқан адамның келісімімен ғана ықтимал деп түсіну керектігі туралы қаулы етті. Мысал ретінде Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесінің 1999 ж 2-шілдедегі № 12\2 Қазақстан Республикасының «Адвокаттық қызмет туралы» заңы 20-бабы 3-тармағының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігі туралы Қаулысын жатқызуға болады. Атап айтқанда, осы қаулыға сәйкес мына жайттар белгіленді:

- өз атауына тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аты қосылатын облыс, республикалық маңыздағы қала мен астана аумағында бір адвокаттар алқасын құру туралы норма Конституция 39-бабы

1-тармағының нормасына қайшы келмейді, өйткені «Адвокаттық қызмет туралы» Заңның 20-бабының 3- тармағы адам мен азаматтың Конституциялық және басқа да құқықтарын шешуге бағытталмаған. Осы ереже Қазақстан Республикасының Конституциясының 13-бабына сәйкес оларға білікті және міндетті заң көмегін көрсетуге арналған. Бұл Қазақстан Республикасы Конституция 39-бабы 1-тармағы мақсаттарының бірі болып табылады;

- бірлестіктер бостандығына Республика азаматы ретіндегі адвокаттар құқығын олар өз мүшелерінің заңды мүдделерін ортақ мақсатта қорғау үшін ерікті құрылған қоғамдық бірлестік (ассоциация)-Қазақстан Адвокаттар одағы нысанында, сондай-ақ адвокаттық қызметке байланысты емес кез келген басқа қоғамдық бірлестікке кіру жолымен жүзеге асырады.

Осыларды және Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабы 2-тармағының, Қазақстан Республикасының Президентінің Конституциялық заң күші бар «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» Жарлығының 37-бабын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі қаулы етеді: «Адвокаттық қызмет туралы» Заңы 20-бабының 3-тармағының нормасы Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес деп танылсын.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Қылмыстық істер жүргізетін органдардың заңға қайшы әрекеттерінен келтірілген зиян орнын толтыру туралы жөніндегі заңдарды қолдану практикасы туралы», «Денсаулыққа келтірілген залалды өтеу жөніндегі заңдарды республика соттары қолдануының кейбір мәселелері туралы», «Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану жөніндегі сот практикасы туралы» 1999 ж 9-шілдедегі қаулыларын және басқаларын жатқызуға болады.

Атап айтқанда, «Қылмыстық істер жүргізетін заңға қайшы әрекеттерінен келтірілген зиян орнын толтыру жөніндегі заңдарды қолдану

практикасы туралы» Жоғарғы Сот қаулысының 1-тармағы қылмыстық ізге түсу және сот органдарының назарын қылмыстық жауапкершілікке негізсіз тарту, іс жүргізудің мәжбүрлеу шараларын заңсыз қолдану, негізсіз соттау деректерінің заңдылықты өрескел бұзу болып табылатындығына, соның салдарынан адам мен азаматтың заңды құқықтары мен мүдделерінің қатты зардап шегетіндігіне, оларға және мемлекетке материалдық зиян мен моральдық залал келтіретіндігіне аударуды талап етеді.

2002 ж 6-желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік «Қорғану құқығын реттейтін қылмыстық іс жүргізу заңнамасын қолдану тәжірибесі туралы» № 26 Қаулысы ерекше назар аудартады. Бұл қаулы қорғану құқығының кәсіпқой адвокаттың немесе тек арнайы заң білімі және қорғалушыға нақтылы білікті заң көмегін көрсетуге қабілетті болған жағдайларды, қорғаушы ретінде жіберілген өзге де адамдардың- сезіктінің, айыпкердің, сотталушының жұбайының, жақын туыстарының немесе заңды өкілдерінің қатысуымен жүзеге асырылатыны туралы қағиданы алғаш бекітіп берді. Анықтау тергеу органдары мен соттар осы мәселені анықтап, егер сезікті, айыпкер, сотталушы, сотталған таңдап алған қорғаушы қорғалушының мүдделерін білдіруге қабілетті болмас, онда іске кәсіпқой адвокатты тарту туралы мәселені талқылауға тиіс. Мұндай жағдайда сезіктінің, айыпкердің, сотталушының жұбайы, жақын туыстары немесе заңды өкілдері кәсіподақтардың және басқа да қоғамдық ұйымдардың өкілдері іске адвокатпен бірге қатыса алды.

Адвокаттың еңбегіне төлейтін ақының болмауына байланысты оның қызметінен бас тартуға болмайды. Мұндай бас тарту амалсыздан бас тарту деп танылады және оны қылмыстық істі жүргізуші орган қабылдауға тиіс емес. Сезіктіні, айыпкерді, сотталушыны айғақ беруге және оның өзіне қарсы куәлік бермеу туралы құқығының бұзылуына ұласатын өзге де әрекеттерді жасауға мәжбүрлеу қорғану құқығын елеулі түрде бұзу деп қарастырады. Осындай заңсыз тәсілмен алынған дәлелдемелердің заңды күші жоқ деп танылады. Осы шаралар істі жан-жақтылы, толық және объективті зерттеудің, әділ, заңды әрі негізді үкім шығарудың қосымша кепілі ретінде қызмет етеді.

Мемлекеттік құқытық негізін нығайтудағы Республика Конституциялық Кеңесі мен Жоғары Соты нормативтік қаулыларының ролі мен орнын бағалай отырып олардың қолданыстағы заңның мәні мен мазмұнын олар қолданылған кезде алшақты қорын алған жағдайда ғана ашатындығын, сол арқылы түсініктеме берілген заңдарды соттардың басқа органдар мен лауазымды адамдардың дұрыс түсінуіне және бірізді қолдануына ықпал етеді.

Адвокаттық қызметті реттейтін нормалар қайнарларында адвокаттар алқасының жоғары органдары қабылдаған құқықтық құжаттарды, адвокаттар алқасының Жарғысын және адвокаттардың Кәсіби әдібінің тәртіптерін жатқызуға болады. Алайда бұл құжаттар заңнаманың құрамдас бөлігі болып табылмайды, өйткені олардың нормативтік құқықтық мәртебесі жоқ және сондықтан осы тараудың аясында қаралмайды.

3. Адвокатура қызметінің бағыттары

Адвокаттар алқасы-адам мен азаматтың, мемлекет пен қоғамдық ұйымдардың заңды құқықтарын қорғауға жәрдемдесу және өкілдік те үшін кәсіби заңгерлер құратын мемлекеттік емес және коммерциялық емес құрылым.

Егер осы міндеттерді нақтылайтын болсақ, адвокатура қызметінің негізгі бағыттары әртүрлі заң көмегін көрсетуге жәрдемдесу болып табылады. Олар:

- шешілімі кәсіби заң білімін талап ететін мәселелер бойынша консультациялар, түсіндірмелер, кеңестер, жазбаша қорытындылар беру;
- талап қою арыздарын, шағымдар мен құқықтық сипаттағы басқа құжаттарды жасау;
- адвокаттардың анықтау және алдын ала тергеу істері кезінде, сезіктілердің, айыпталушылардың және сотталған адамдардың қорғаушылары, жәбірленушілердің, азаматтық талап қоюшылардың, азаматтық жауапкерлердің өкілі ретінде қылмыстық істер бойынша сотқа қатысуы;
- соттар мен мемлекеттік органдарда азаматтық және әкімшілік құқық бұзушылық істері бойынша өкілдік ету;
- азаматтар мен ұйымдарға заңда тиым салынбаған басқа да заң көмегін көрсету.

Заңды қолдану мәселесі бойынша кеңес беру адвокаттар қызметінің маңызды бағыты болып табылады. Оның мәні-қолданыстағы азаматтық іс жүргізу, отбасылық, еңбек, әкімшілік, қылмыстық іс жүргізу және басқа заңдардың нормаларын дұрыс түсіндіру мен қолдану бойынша түсініктеме беру.

Консультация:

- даудың материалдық-құқықтық астарын;
- азаматта талап қою құқығының бар-жоғын (процессуалдық астар);
- іс бойынша түпкілікті кеңесті, яғни қорғау үшін заңды негіздің бар-жоғын және қандай нысанда екендігін (соттық, әкімшілік және т.б), бұл үшін не істеу керек екендігін қамтуға тиіс.

Құқықтық кеңес:

- заңды: құқық нормасына дұрыс сілтеме жасауға және оны дәл қолдануға, құқықтық іске асыру жолдарын көрсетуге және т.б.;
- мазмұндау нысаны бойынша жеңіл яғни түсінікті;
- нақты: жалпы құқық және оны қорғау жолдары туралы пайымдау емес, мәселені шешудің ықтимал жолдарын көрсетуге;
- нәтижелі: кеңес беру аяқталғанан кейін азамат істің алдағы қозғалысының болашағын анық көруі тиіс.

Кейбір жағдайларда талап қою өтініштерінің (анықталып қойылған талаптарға сәйкестік), шағымдардың (азаматтар құқықтарының, бостандықтарының және заңды мүдделерінің бұзылуы, өтініштер бойынша

кабылданған шешімдердің орындалмауы, лауазымды адамдардың теріс қылықтары туралы) және құқықтық сипаттағы өзге де құжаттардың дұрыс жасалуы талап етіледі.

Адвокаттың қылмыстық сот ісіне қатысуы – адвокаттық қызметтің негізгі бағыттарының бірі. Мұнда адвокат қызметі негізінен айыпталушыларды (сезіктілерді) қорғау міндетін жүзеге асырумен байланысты. Оның кәсіби тәжірибесі мен құқықтық білімі қорғайтын адамына аса білікті көмек көрсетуіне мүмкіндік берді. Қоғам мен мемлекет бірде-бір азаматтың жеткілікті айғақсыз қылмыстық жауапкершілікке тартылмауын және сотталмауын көздейді.

Ұсталған, тұтқындалған, қылмыс жасады деп айыпталған әрбір адам ұсталған, тұтқындалған немесе айып тағылған кезден бастап адвокаттың (қорғаушының) көмегін пайдалануға құқылы.

Заң сезіктілердің және қылмыс жасағандығы туралы айыпталғандардың, сондай-ақ сотталғандардың қорғану құқығын қамтамасыз етеді. Осы құқықты қорғаушы ретінде заңмен қажетті кепілдіктер берілген адвокаттар жүзеге асырады. Атап айтқанда, қылмыстық істі жүргізу заңы сот талқысы кезінде (сот талқысы және нақты іс бойынша шығарылған үкімдердің заңдылығы мен қисындылығын ізінше тексеру сатысы), сондай-ақ алдын ала тергеуде немесе анықтауды жүргізу кезінде, сонымен қатар қадағалау тәртібімен істі қарау кезінде адвокатқа (қорғаушыға) берілетін құқықтардың үлкен шеңберін айқындайды.

Адвокаттар (қорғаушылар) іске қатысуға айып тағылған немесе сезікті адам мойындаған сәттен-ұстау жүргізілген я болмаса айып тағылғанға дейін бұлтартпау шарасы қолданылған сәттен бастап жіберіледі. Бұл жағдайда ол ұстау хаттамасымен немесе қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасы таңдалғандағы туралы қаулымен таныса алады. Қорғайтын адаммен оңаша жүздесе, одан жауап алуға қатыса алады және т.б. Жүздесу саны мен олардың ұзақтылығы шектеусіз. Конституцияның 16-бабының 2-тармағы тұтқындалған адамға сотқа шағымдану құқығын береді. Бұл құқықтардың көлемі мен мазмұнын реттеу ұдайы жетіліп отырады.

ҚІЖК-де анықталған көп жағдайда, қылмыстық жауапкершілікке тартылған адамның қорғаушысы болуға міндетті. Егер бұл азамат немесе оның туысқандары не заңды өкілдері адвокатты шақыруға ынта білдірмесе, адвокат тергеушінің, прокурордың немесе соттың қаулысы бойынша тағайындалуға тиіс. Мұндай адвокат та айыпталушы немесе оның жақын туысқандары шақырған адвокаттардың құқығын пайдаланады. Оның еңбегі толығымен республикалық бюджет қаражатынан төленеді.

Қылмыстық істі қарауға қатысқан адвокат айыпталушыны ақтайтын немесе оның жауапкершілігін жеңілдететін жағдайды анықтау мақсатында заңда көзделген барлық қорғау құралдары мен тәсілдерін пайдалануға және айыпталушыға қажетті қорғау мен заң көмегін көрсетуге міндетті.

Адвокат қылмыстық істі қараған кезде тек айыпталушының қорғаушысы ғана емес, сондай-ақ жәбірленушінің мүддесін білдіруші, азаматтық талап қоюшы, азаматтық жауапкер ретінде де қарастыра алады.

Адвокат азаматтық істер бойынша талқылауға, сондай-ақ әкімшілік істерге талап қоюшының, жауапкердің және үшінші тараптың өкілі ретінде қатыса алады. Сотта процессуалдық әрекетті жасау үшін адвокат-өкілдер көмек сұраған адамның заңды құқықтары мен мүдделерін тиімді қорғауға мүмкіндік беретін белгіленген өкілеттіктерді (құқықтарды) пайдаланады.

Заңда заң көмегінің, алайда олар адвокаттық қызметтің ауқымды саласы болса да, тек негізгі түрлері ғана көрсетілген. Сондықтан заң шығарушы «заңдарда тиым салынбаған өзге де заң көмегін көрсетеді» деген жалпы ұғыммен шектеледі

Атап айтқанда, мына қызмет түрлері меңзеліп отыр:

- талап-қузау жұмыстары;
- құқық бұзушылықпен күрес жүргізетін еңбек ұжымдары мен органдарға заң көмегін көрсету;
- жарғылар әзірлеу және заңды тұлғалар құжаттарын тіркеуге даярлау;
- келісім-шарттар жасау;
- коммерциялық ұйымдарға қызмет көрсету;
- заң кеңесшілері жоқ ұйымдарды заң көмегімен қамсыздандыру және заң көмегі ретінде заңда аталғандардан басқа заңда тиым салынбаған өзге де осындай қызмет түрлерін көрсету.

Қызметтің соңғы түрі ұйымдардың заң консультациялармен жасалған шарттар негізінде жүргізіледі. Ол шарттарда тараптардың құқықтары мен міндеттері қарастырылады. Ұйымға оның меншік нысанына қарамай қызмет көрсететін адвокат соттарда және өзге органдарда құқықтық мәселелерді қарау кезінде белгіленген тәртіппен оның мүддесін білдіреді, басшылыққа қол қоюға берілген бұйрық, нұсқаулық, шарт және құқықтық сипаттағы өзге құжаттың заңға сәйкестілігі көрсетіледі, бұл құжаттарға қол қояды және талап-шағым жұмыстарын жүргізеді, шаруашылық шарттарын даярлауға қатысады және оларға қол қояды. Тараптардың өзге құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 5 мамырдағы № 624 қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік басқару органдарының және оларға қарасты кәсіпорындардың мекемелердің заң қызметі туралы Ережемен» белгіленеді.

Адвокат ұйымдарға заң қызметін көрсетерден бұрын оның қызметінің ерекшелігімен мұқият танысуға, оның алдында тұрған негізгі мақсат пен міндетті анықтауға және соған байланысты өзінің барлық жұмысын жоспарлауға тиіс.

Адвокаттар алқасы-адам мен азаматтың, мемлекет пен қоғамдық ұйымдардың заңды құқықтарын қорғауға жәрдемдесу және өкілдік те үшін кәсіби заңгерлер құратын мемлекеттік емес және коммерциялық емес құрылым.

Егер осы міндеттерді нақтылайтын болсақ, адвокатура қызметінің негізгі бағыттары әртүрлі заң көмегін көрсетуге жәрдемдесу болып табылады. Олар:

- шешілімі кәсіби заң білімін талап ететін мәселелер бойынша консультациялар, түсіндірмелер, кеңестер, жазбаша қорытындылар беру;
- талап қою арыздарын, шағымдар мен құқықтық сипаттағы басқа құжаттарды жасау;
- адвокаттардың анықтау және алдын ала тергеу істері кезінде, сезіктілердің, айыпталушылардың және сотталған адамдардың қорғаушылары, жәбірленушілердің, азаматтық талап қоюшылардың, азаматтық жауапкерлердің өкілі ретінде қылмыстық істер бойынша сотқа қатысуы;
- соттар мен мемлекеттік органдарда азаматтық және әкімшілік құқық бұзушылық істері бойынша өкілдік ету;
- азаматтар мен ұйымдарға заңда тиым салынбаған басқа да заң көмегін көрсету.

Заңды қолдану мәселесі бойынша кеңес беру адвокаттар қызметінің маңызды бағыты болып табылады. Оның мәні-қолданыстағы азаматтық іс жүргізу, отбасылық, еңбек, әкімшілік, қылмыстық іс жүргізу және басқа заңдардың нормаларын дұрыс түсіндіру мен қолдану бойынша түсініктеме беру.

Консультация:

- даудың материалдық-құқықтық астарын;
- азаматта талап қою құқығының бар-жоғын (процессуалдық астар);
- іс бойынша түпкілікті кеңесті, яғни қорғау үшін заңды негіздің бар-жоғын және қандай нысанда екендігін (соттық, әкімшілік және т.б), бұл үшін не істеу керек екендігін қамтуға тиіс.

Құқықтық кеңес:

- заңды: құқық нормасына дұрыс сілтеме жасауға және оны дәл қолдануға, құқықтық іске асыру жолдарын көрсетуге және т.б.;
- мазмұндау нысаны бойынша жеңіл яғни түсінікті;
- нақты: жалпы құқық және оны қорғау жолдары туралы пайымдау емес, мәселені шешудің ықтимал жолдарын көрсетуге;
- нәтижелі: кеңес беру аяқталғанан кейін азамат істің алдағы қозғалысының болашағын анық көруі тиіс.

Кейбір жағдайларда талап қою өтініштерінің (анықталып қойылған талаптарға сәйкестік), шағымдардың (азаматтар құқықтарының, бостандықтарының және заңды мүдделерінің бұзылуы, өтініштер бойынша қабылданған шешімдердің орындалмауы, лауазымды адамдардың теріс қылықтары туралы) және құқықтық сипаттағы өзге де құжаттардың дұрыс жасалуы талап етіледі.

Адвокаттың қылмыстық сот ісіне қатысуы – адвокаттық қызметтің негізгі бағыттарының бірі. Мұнда адвокат қызметі негізінен айыпталушыларды (сезіктілерді) қорғау міндетін жүзеге асырумен байланысты. Оның кәсіби тәжірибесі мен құқықтық білімі қорғайтын адамына аса білікті көмек көрсетуіне мүмкіндік берді. Қоғам мен мемлекет

бірде-бір азаматтың жеткілікті айғақсыз қылмыстық жауапкершілікке тартылмауын және сотталмауын көздейді.

Ұсталған, тұтқындалған, қылмыс жасады деп айыпталған әрбір адам ұсталған, тұтқындалған немесе айып тағылған кезден бастап адвокаттың (қорғаушының) көмегін пайдалануға құқылы.

Заң сезіктілердің және қылмыс жасағандығы туралы айыпталғандардың, сондай-ақ сотталғандардың қорғану құқығын қамтамасыз етеді. Осы құқықты қорғаушы ретінде заңмен қажетті кепілдіктер берілген адвокаттар жүзеге асырады. Атап айтқанда, қылмыстық істі жүргізу заңы сот талқысы кезінде (сот талқысы және нақты іс бойынша шығарылған үкімдердің заңдылығы мен қисындылығын ізінше тексеру сатысы), сондай-ақ алдын ала тергеуде немесе анықтауды жүргізу кезінде, сонымен қатар қадағалау тәртібімен істі қарау кезінде адвокатқа (қорғаушыға) берілетін құқықтардың үлкен шеңберін айқындайды.

Адвокаттар (қорғаушылар) іске қатысуға айып тағылған немесе сезікті адам мойындаған сәттен-ұстау жүргізілген я болмаса айып тағылғанға дейін бұлтартпау шарасы қолданылған сәттен бастап жіберіледі. Бұл жағдайда ол ұстау хаттамасымен немесе қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасы таңдалғандағы туралы қаулымен таныса алады. Қорғайтын адаммен оңаша жүздесе, одан жауап алуға қатыса алады және т.б. Жүздесу саны мен олардың ұзақтылығы шектеусіз. Конституцияның 16-бабының 2-тармағы тұтқындалған адамға сотқа шағымдану құқығын беерді. Бұл құқықтардың көлемі мен мазмұнын реттеу ұдайы жетіліп отырады.

ҚІЖК-де анықталған көп жағдайда, қылмыстық жауапкершілікке тартылған адамның қорғаушысы болуға міндетті. Егер бұл азамат немесе оның туысқандары не заңды өкілдері адвокатты шақыруға ынта білдірмесе, адвокат тергеушінің, прокурордың немесе соттың қаулысы бойынша тағайындалуға тиіс. Мұндай адвокат та айыпталушы немесе оның жақын туысқандары шақырған адвокаттардың құқығын пайдаланады. Оның еңбегі толығымен республикалық бюджет қаражатынан төленеді.

Қылмыстық істі қарауға қатысқан адвокат айыпталушыны ақтайтын немесе оның жауапкершілігін жеңілдететін жағдайды анықтау мақсатында заңда көзделген барлық қорғау құралдары мен тәсілдерін пайдалануға және айыпталушыға қажетті қорғау мен заң көмегін көрсетуге міндетті.

Адвокат қылмыстық істі қараған кезде тек айыпталушының қорғаушысы ғана емес, сондай-ақ жәбірленушінің мүддесін білдіруші, азаматтық талап қоюшы, азаматтық жауапкер ретінде де қарастыра алады.

Қорытынды

Адвокат азаматтық істер бойынша талқылауға, сондай-ақ әкімшілік істерге талап қоюшының, жауапкердің және үшінші тараптың өкілі ретінде қатыса алады. Сотта процессуалдық әрекетті жасау үшін адвокат-өкілдер көмек сұраған адамның заңды құқықтары мен мүдделерін тиімді қорғауға мүмкіндік беретін белгіленген өкілеттіктерді (құқықтарды) пайдаланады.

Заңда заң көмегінің, алайда олар адвокаттық қызметтің ауқымды саласы болса да, тек негізгі түрлері ғана көрсетілген. Сондықтан заң шығарушы «заңдарда тиым салынбаған өзге де заң көмегін көрсетеді» деген жалпы ұғыммен шектеледі

Атап айтқанда, мына қызмет түрлері меңзеліп отыр: талап-қузау жұмыстары; құқық бұзушылықпен күрес жүргізетін еңбек ұжымдары мен органдарға заң көмегін көрсету; жарғылар әзірлеу және заңды тұлғалар құжаттарын тіркеуге даярлау; келісім-шарттар жасау; коммерциялық ұйымдарға қызмет көрсету; заң кеңесшілері жоқ ұйымдарды заң көмегімен қамсыздандыру және заң көмегі ретінде заңда аталғандардан басқа заңда тиым салынбаған өзге де осындай қызмет түрлерін көрсету.

Қызметтің соңғы түрі ұйымдардың заң консультациялармен жасалған шарттар негізінде жүргізіледі. Ол шарттарда тараптардың құқықтары мен міндеттері қарастырылады. Ұйымға оның меншік нысанына қарамай қызмет көрсететін адвокат соттарда және өзге органдарда құқықтық мәселелерді қарау кезінде белгіленген тәртіппен оның мүддесін білдіреді, басшылыққа қол қоюға берілген бұйрық, нұсқаулық, шарт және құқықтық сипаттағы өзге құжаттың заңға сәйкестілігі көрсетіледі, бұл құжаттарға қол қояды және талап-шағым жұмыстарын жүргізеді, шаруашылық шарттарын даярлауға қатысады және оларға қол қояды. Тараптардың өзге құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 5 мамырдағы № 624 қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік басқару органдарының және оларға қарасты кәсіпорындардың мекемелердің заң қызметі туралы Ережемен» белгіленеді.

Адвокат ұйымдарға заң қызметін көрсетерден бұрын оның қызметінің ерекшелігімен мұқият танысуға, оның алдында тұрған негізгі мақсат пен міндетті анықтауға және соған байланысты өзінің барлық жұмысын жоспарлауға тиіс.